

## Андатпа

Бұл дипломдық жұмыс Ruby on Rails фреймворк технологиясымен футболдық матчтардың бейнешолуын және тікелей трансляциясын тамашалауға арналған сайт. Сайттың фронтэнді Apache веб-сервері басқарумен HTML, Javascript, CSS тілдерінде жазылған.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, бес бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Кіріспеде сайт құрудың толық сипаттамасы, оның еңбек нарығындағы өзектілігі сипатталған. Бес бөлімде сайт жасаудың құрал-саймандары мен жабдықтары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, сайттың фронталды келбетінің толық сипаттамасы және функционалдығы жазылған. Қорытындыда бүкіл жасалынған жұмыстың нәтижесі келтірілген. Экономикалық бөлімде сайт құрудың басынан бастап соңына дейінгі сомасы есептелген және оның еңбек нарығындағы құны толық сипатталған. Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде адам денсаулығына кері әсер тигізетін параметрлер анықталған. Ол жұмыс бөлмесіндегі таза ауаның және ауа айналымының жеткіліксіздігі болып табылады. Сонымен қатар, адам денсаулығына жұмыс бөлмесіндегі жарықтандыру да зиянды әсерін тигізуі мүмкін. Бұл барлық кемшіліктер қарастырылып жойылды.